



Көбінесе дайындалу тәсілі, материалы т.с.с. қарай кілем бұйымдарын жіктеудің бірнеше принципін ерекшелік көрсетуге болады.

Кілемдер әлеуметтік, экономикалық, мәдени үдерістерге сәйкес дамып, жетіліп отырды. Жасанды жіптер мен бояуларды ойлап табу, өнімділігі жоғары машина жасау кілемді көпшілік тұтынатын нарыққа жеткізді. Бірақ қоғамның қарқынды дамуы мен ғылыми-техникалық үдерістің ілгерілеуіне қарамастан, қазіргі кілемдер өзіндік ерекшелігін сақтап қалды. Көздің жауын алатын қолдан тоқылған кілемдер бүгінгі таңда да шынайы өнер туындысы саналады.



Жүннен басылған Пазырық кілемінің қалпына келтірілгенге дейінгі және кейінгі түрі
б. з. д. V–IV ғғ.